

Бекбулатова Индира Усейновнаның 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына

ШІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы елімізде білім беруді әлемдік озық тәжірибелер негізінде жетілдіру, оқыту әдістемелері мен мазмұнын жанартудағы маңызды құрал болып табылады. Соның нәтижесінде қазіргі таңда болашақ мұғалімдерді даярлауға қойылатын талап күн санап күшейіп келеді.

Осындай талаптардың бірі болашақ мұғалімдердің ағылшын тілін меңгерулерінің қажеттілігі. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай: «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады». Ол шындығында да солай. Ағылшын тілі – халықаралық қатынас тілі, ағылшын тілін білу - әлемдегі болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды қабылдау және дұрыс пайдалану мүмкіндіктерін береді. Ағылшын тілін білу - өмір жолыңыздағы жетістіктердің кепілі, қарым-қатынастың жаңа, бір саты жоғары кеңістігі, шетел халықтары мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерімен танысу, білімін мен ой-сананды байыта алатын жоғары білікті мамандар ортасына кіру мүмкіндігі. Қазіргі қарқынды дамып жатқан заманымызда мектеп қабырғасынан жан-жақты, білімпаз болып жоғары оқу орындарына келген жастарды кәсіби даярлау үдерісінде ағылшын тілін меңгертуді теориялық-әдіснамалық тұрғыдан зерттеп, оның ғылыми-әдістемелік жүйесін құру мәселесі жаңа, тың тақырып екені анықталды. Бұл мәселе зерттеу жұмысының өзектілігін анықтайды.

2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

И.У. Бекбулатованың диссертациялық жұмысында алынған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі зерттеу мәселесін шешу жолдарының теориялық негізділігімен, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігімен, зерттеу міндеттері бойынша ғылыми-

педагогикалық зерттеу әдістерін оңтайлы пайдалануымен, зерттеу мәліметтерін сандық және сапалық талдаумен көрсетілген.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің шетелдік рейтингті журналдарда, Білім және ғылым саласындағы Бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жариялануы, шетелдік және отандық конференцияларды баяндалуы, талқылануы да зерттеу нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен шынайылық дәрежесін көрсетеді.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы барысында И.У. Бекбулатова мынадай жаңа, әрі дәйекті ғылыми нәтижелер алған:

Бірінші нәтиже. Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдау негізінде «коммуникативтік әлеует» ұғымының мәні мен құрылымы анықталған.

Екінші нәтиже. Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың моделі жасалды және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталған;

Үшінші нәтиже. Жоғарғы оқу орындарында болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру мазмұнымен оны жүзеге асыруға арналып жасалған оқу-әдістемелік құралы, оқу құралы, электрондық оқу құралдарын қолданудың тиімділігі айқындалған.

Төртінші нәтиже. Жоғары оқу орындарында болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың әдістемесі жасалған.

4. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық зерттеу жұмысының орындалуындағы жүйелілік докторанттың ағылшын тіліндегі пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесін жеткілікті игергендігін көрсетеді. Ғылыми болжамның дұрыстығына зерттеу нәтижелері кепіл бола алады. И.У.Бекбулатованың диссертациялық зерттеуінің ғылыми тәжірибелік нәтижелері кіріспедегі және екі тараудағы теориялық-әдістемелік мазмұнының ішкі бірлігімен, құрылымдық жалпы тұтастығымен және зерттеу қорытындыларының қисындылығымен анықталады.

5. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

И.У.Бекбулатованың диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша алған нәтижелері жоғары оқу орындарында кәсіби білім беру және педагогика ғылымы

үшін өзіндік құндылыққа ие. Бұл өз кезегінде болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың зерттелмеген тың мәселелерін шешуді қамтамасыз ететіндігі айқын.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығын растама.

Диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелері бойынша Бекбулатова Индира Усеинқызының 20 ғылыми еңбегі жарияланған. Докторанттың жалпы жарияланған ғылыми еңбектері диссертация жұмысының негізі қағидалары, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларына сәйкес келеді.

7. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертант зерттеу тақырыбын жетік меңгергенін айғақтайды. Сонымен қатар, диссертациялық жұмысында мынандай кемшіліктер бар:

1. Диссертацияның 1.1 тармақшасында зерттелінді феноменнің мәнін анықтауда түрлі ғалымдардың көзқарастарын ұқсастықтары мен аталған ұғымның мәнін анықтаудағы ықпалы бойынша топтастыра қарастыру қажет еді деп санаймыз. Бұл өз кезегінде диссертанттың аталған мәселе бойынша жеке көзқарасының айқынырақ танылуына ықпал етер еді.

2. Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастырудың психологиялық аспектілерін басқа болашақ жаратылыстану пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерінің кәсіби психологиялық ерекшеліктерімен салыстыра талдағанда жұмыстың теориялық мәнділігі кеңейер еді.

3. Диссертацияның екінші бөлімі 1-ші тармағында болашақ информатика мұғалімдеріне ағылшын тіліндегі пәндерді оқыту әдістемесінің басқа тіл пәндерін (қазақ тілі, орыс тілі, түрік тілі) оқытудан әдістемелік ерекшеліктері көрсетілуі қажет.

4. Диссертациялық жұмыста болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастыруда ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды онлайн режимде (онлайн интервьюлер, конференциялар, вебинарлар және т.б.) пайдалану әдістемесі келтірілгенде жұмыстың әдістемелік құндылығы арта түседі.

5. Диссертацияда кестелік материалдар шамадан тыс көп ұсынылған. Кейбір кестелерді графиктер мен сұлбалар түрінде ұсыну олардың көрнекі қабылдануын қамсыздандырар еді. Ал, кейбір кестелерді диссертация қосымшасында келтірген орынды деп есептейміз.

Алайда, бұл кемшіліктер тұтастай алғанда зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің құндылығын төмендетпейді.

8. Диссертацияның қойылған талаптарға сәйкестігі.

И.У.Бекбулатованың 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толығымен толық сәйкес келеді және диссертацияның авторы И.У.Бекбулатоваға 6D010300 – Педагогика және Психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы



Абибулаева А.Б.

